

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



«Абай атындағы Қазақ  
ұлттық педагогикалық университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
Басқарма Төрағасы – Ректорының  
« 19 / 04 / 2021 » 2021 жылғы  
№ 19-04/385 бұйрығымен  
Осқітілген

**Постдокторантура туралы  
ереже**

Көшірме	Код	Басылым	Әзірлеген	Келісілген
	Е ҚазҰПУ	бірінші	Әбдіғалпбарова Ұ.М. 	Бектемесов М.А. 
				Құлсариева А.Т. 
				Бөрібаев Е.Ә. 
				Исакова К.Т. 
				Құсайынов Е.Б. 
				Зұлқарнай Ғ. 

«Абай атындағы Қазақ  
ұлттық педагогикалық университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
Басқарма Төрағасы – Ректорының  
« 19 » 2021 жылғы  
№ 04/375 бұйрығымен  
бекітілген

## Постдокторантура туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) постдокторлық бағдарламасына конкурстық іріктеу жүргізу тәртібін реттейді, постдокторанттардың мәртебесін, құқықтары мен міндеттерін, университетте постдокторантура бағдарламасын іске асыру тәртібін айқындайды.

2. Постдокторантураның мақсаты университеттің ғылыми-педагогикалық қызметінің деңгейін арттыру үшін жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау, университеттің ғылыми мектептерін құру (сабақтастықты қамтамасыз ету), перспективалық ғылыми зерттеулер жүргізу үшін университетте дарынды жас ғалымдарды тарту және бекіту, жас зерттеушілердің үлесін арттыру.

3. Постдокторантура бағдарламасы келесі әрекеттерді қамтиды:  
постдокторанттың жеке жұмыс жоспары бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы;  
аралық және қорытынды аттестаттау.

4. Постдокторантура бағдарламасын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін негізгі ұйымдастырушылық бірліктер кафедралар, институттар және ғылыми-зерттеу зертханалары болып табылады. Постдокторантура бағдарламасы талаптарының орындалуын үйлестіруді және бақылауды Зерттеу қызметі жөніндегі проректор, Ғылым департаменті, педагогикалық зерттеулер зертханасы және постдокторанттардың ғылыми кеңесшілері жүзеге асырады.

### 2. Постдокторлық бағдарламаға қабылдау және тіркеу тәртібі

5. Постдокторлық бағдарламаға қабылдау және тіркеу тәртібі осы Ережеге сәйкес конкурстық тәртіпте жүзеге асырылады.

6. Постдокторлық бағдарламаға қырық жасқа дейінгі, ғылыми қызметпен, жаңа ғылыми бағыттарды дамытумен белсенді айналысатын Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын ғалымдар қабылдануы мүмкін.

Іргелі және қолданбалы зерттеулердің басым бағыттары:

педагогикалық ғылымдар;  
әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар;  
жаратылыстану ғылымдары;  
ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар.

7. Постдокторлық бағдарламаға үміткер мынадай критерийлерге сәйкес келуі тиіс:

постдокторлық бағдарламаға конкурстық іріктеуге қатысқанға дейін 2013 жылдан кейін алынған философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесі немесе ғылыми дәрежесі (ғылым докторы (кандидаты)) болуы;

Университет қызметінің бағытына сәйкес келетін ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызмет тәжірибесінің болуы;

соңғы бес жыл ішінде Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index, Russian Science Citation Index және (немесе) Emerging Sources Citation Index Web of Science деректер қорының және (немесе) Scopus деректер базасында CiteScore бойынша отыз бес процентильден кем емес индекстелетін басылымдарда кемінде бір мақаланың және (немесе) шолудың болуы;

ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – ҚР БҒМ БҒССҚК) ұсынған отандық және (немесе) шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде екі мақаланың немесе шолу жариялау;

Хирш индексі (Hi) болуы.

Ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру үшін постдокторантқа мынадай ең төменгі талаптарға сәйкес келетін отандық және (немесе) шетелдік кеңесші тағайындалады:

қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор ғылыми атағының не философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесінің немесе ғылыми дәрежесінің (ғылым докторы (кандидаты)) болуы. Бұл ретте шетелде алынған дипломдардың баламалылығын тану рәсімінен өту талап етілмейді;

Университет қызметінің бағытына сәйкес келетін және кемінде он жылды құрайтын ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызмет тәжірибесінің болуы;

соңғы бес жылда Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index, Russian Science Citation Index және (немесе) Emerging Sources Citation Index Web of Science деректер қорының және (немесе) Scopus деректер базасында CiteScore бойынша отыз бес процентильден кем емес индекстелетін басылымдарда екі мақаланың және (немесе) шолулардың болуы;

жаратылыстану-ғылыми бейіндегі мамандықтар үшін Хирш индексінің кемінде үш және әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі мамандықтар үшін кемінде екі болуы;

ҚР БҒМ БҒССҚК ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған отандық және (немесе) шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде бес мақаланың немесе шолудың болуы.

Конкурстық өтінім мыналарды қамтиды: конкурсқа қатысу туралы өтініш, түйіндеме, постдокторанттың жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасының жобасы,

үміткерлерге қойылатын жоғарыда көрсетілген талаптарды растайтын құжаттамасы бар портфолио (дәйексөз базасынан алынған скрин-шот, шетелдік басылымдардағы жарияланымдардың көшірмелері және т.б.), ғылыми дәреже, PhD дәрежесін алуды, ғылыми атақ беруді растайтын құжаттар, ғылыми еңбектер мен өнертабыстар тізімі, үміткердің біліктілігін растайтын қосымша құжаттар, ұсыным хаттар, алдыңғы жұмыс орындарынан мінездемелер.

8. Кандидаттың біліктілігін бағалау үшін ректордың бұйрығымен Конкурстық комиссия құрылады. Конкурстық комиссия келесі критерийлер негізінде постдокторантураға үміткерлерді іріктеуді жүргізеді:

үміткердің конкурстың талаптарына сәйкестігі;

ғылыми жарияланымдардың жарияланымдық белсенділігі және дәйексөзділік деңгейі;

ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу дәрежесі;

магистранттар мен докторанттарға ғылыми жетекшілік ету немесе бірлесіп басқару тәжірибесі;

ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудегі дербестік дәрежесі.

Бағдарламаға іріктеу кезінде басымдық ғылымиметрикалық көрсеткіштері жоғары журналдарда жарияланымдары бар үміткерлерге беріледі.

9. Постдокторантураға қабылдау конкурстық комиссияның оң шешімі негізінде университет ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

### **3. Постдокторантурадан өту ережелері**

10. Постдокторантура бағдарламасын игеру ұзақтығы үш жылды құрайды.

11. Постдокторант ғылыми кеңесшінің басшылығымен ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады. Ғылыми кеңесшілер постдокторантураға қабылданған сәттен бастап бір ай ішінде университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

12. Ғылыми кеңесші постдокторанттың жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасын әзірлеуге, бекітуге және сүйемелдеуге қатысады.

13. Постдокторанттың ғылыми қызметі Ғылым департаменті бекіткен жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады, оған ғылыми жоба (эксперимент) бойынша жұмыс жоспары, жарияланымдар, конференцияларға, іссапарларға қатысу жоспарлары, магистранттар мен докторанттардың зерттеулеріне басшылық жасау кіреді.

14. Постдокторант жыл сайын ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін халықаралық дәйексөз базаларына кіретін жетекші басылымдарда жариялап отыруға міндетті. Жарияланымдар саны жыл сайын Web of Science базасындағы кемінде үшінші квартильге кіретін немесе бір немесе бірнеше ғылыми салалар бойынша Scopus базасындағы CiteScore бойынша кемінде отыз бес процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде екі бірлік болуы тиіс. Постдокторанттар жыл сайын кемінде екі халықаралық конференцияға қатысуға міндетті.

15. Постдокторанттың жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасын орындауын күнтізбелік жыл ішінде екі рет Ғылым департаменті бақылайды және бағалайды.

16. Осы Ереженің 15 тармағына сәйкес постдокторанттың жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасын орындауын бағалау нәтижелері негізінде Ғылым департаменті постдокторантурадан өтуді жалғастыру немесе тоқтату, сондай-ақ ай сайын постдокторантқа стипендия төлеу туралы ұсыным шығарады.

17. Постдокторант жыл сайын 20 қарашаға дейін Ғылым департаментіне зерттеулердің орындалуы туралы растайтын ақпаратты қоса бере отырып, орындалған жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасы туралы жазбаша есеп беруге міндетті.

18. Постдокторанттың жеке жоспарына сәйкес орындалған ғылыми жарияланымдардың болуы постдокторлық бағдарламаның аяқталуының негізгі өлшемі болып табылады.

19. Ғылыми-зерттеу бағдарламасын орындамау немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу себебінен не өз бастамасы бойынша постдокторантурадан шығарылған жағдайда, постдокторант оны постдокторантурада дайындауға Университеттің жұмсаған қаражатын өтеуге міндетті.

#### **4. Постдокторанттардың құқықтары**

20. Постдокторлық бағдарлама стипендиатын оқытушының (қауымдастырылған профессордың (доценттің)) оқытушылық оқу жүктемесі 0,25 аспайтын көлемде орындауға жол беріледі.

21. Постдокторант түрлі ғылыми-зерттеу жобаларындағы гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысуға құқылы.

22. Постдокторанттар ғылыми жабдықтарды, зерттеулерге арналған шығыс материалдарын, кітапхананы, ақпараттық ресурстарды, Университеттің ұйымдастыру техникасын пайдалануға құқылы.

23. Постдокторанттарға каникул уақытын қоспағанда, бір оқу жылына үш жүз мың теңге мөлшерінде ай сайынғы стипендия Университеттің өз қаражаты есебінен төленеді.

24. Постдокторанттарға жыл сайын ұзақтығы күнтізбелік отыз күн демалыс беріледі. Постдокторанттардың каникул уақыты университеттің ішкі құжаттарымен анықталады.

25. Постдокторатурадан өту мерзімі ғылыми-педагогикалық қызмет өтіліне есептеледі.

#### **5. Жауапкершілік**

26. Осы Ереже талаптарының сақталуына докторанттың ғылыми кеңесшілері, кафедралардың, институттар мен ғылыми-зерттеу зертханаларының басшылары жалпы

жауаптылықта болады. Осы Ереже талаптарының сақталуын бақылауды Зерттеу қызметі жөніндегі проректор және Ғылым департаментінің директоры жүзеге асырады.

27. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Университетте белгіленген тәртіппен енгізіледі.

28. Постдокторлық бағдарламаларды іске асыру процесінде туындайтын барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

29. Постдокторанттардың осы Ережеде көзделмеген өзге де құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Постдокторантура туралы  
ерісім

Лауазымы	Қол Қолы	Басқарманың Аты	Қолы Қолы	Қолы Қолы
				Басқарманың М.А.
				Қолы